

“ТАЗА ҚАЗАҚСТАН” – ЕРІККЕННІҢ ЕРМЕГІ ЕМЕС...

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№8
(1763)
27 ақпан
2025 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақмешият Ақшамы Газеті

ҚЫТАЙДАН ҚАНША ҚАРЖЫ КЕЛЕР ЕКЕН...

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр өңірінің делегациясы Қытай Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігі ұйымдастырумен Қытайға жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының, құрылыс және мұнай компанияларының басшылары, кәсіпкерлер бар. Сапардың негізгі мақсаты – аймақтың агроөнеркәсіп, құрылыс, қызмет көрсету салаларына инвестиция тарту.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Қытайдың озық технологияларын өндіріске тарту тапсырмасы бойынша арнайы делегация жасақтап, іссапармен келдік. Шэньсиде Қазақстанның Бас консулдығының жұмыс жасауы бұл провинцияның біз үшін маңызды екенін білдіреді. Бүгінде Қазақстан – Қытайдың Орталық Азиядағы негізгі сауда-экономикалық серіктесі. Өзара тауар айналымы мен инвестициялар жыл сайын өсіп келеді. Қызылорда облысы Қытай инвесторлары-

басшысы. Облыста 15 мұнай өндіруші компания жұмыс істейді, оның 8-і – қытайлық кәсіпорын. Қытайлық инвесторлардың қатысуымен пайдалануға берілген және тұрақты жұмыс істейтінгі индустриялық жобалар іске асырылуда. 2018 жылдың желтоқсанында «Чайна Гежуба» компаниясымен бірлесіп, жалпы құны 137,8 млн. АҚШ доллары, қуаттылығы жылына 1 млн. тонна цемент өндіретін зауыт іске қосылды. 2022 жылдың қазан айында



Жұмыс сапары аясында аймақ басшысы Сиань қаласындағы мұнай-газ, химия өнеркәсібі саласындағы компания жетекшілерімен кездесті. Алдымен «Yan'an Energy Equipment Group» компаниясы басшысымен жүздесіп, өңдеу өнеркәсібі саласында бірлесіп жұмыс жасауға дайын екенін айтты.

– «Бірінші кезекте Қызылорда облысы мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында бүгінгі кездесуге қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс білдіремін. Біз Қытайдың озық технологияларын облыс өнеркәсібіне енгізу үшін арнайы делегация жасақтап келдік.

Мұнай-газ – өнеркәсіптің маңызды салаларының бірі және облыс экономикасының негізі. Оның үлесі өңірдің өнеркәсіптік өндірісінің 48,7%-дан астамын құрайды, 10 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтиды. Облыс аумағында мұнай өндірумен және барлаумен 49 кеніште 25 компания айналысады.

Алайда, мұнай ұңғымаларының көпшілігінің сарқылуына байланысты қорды толықтыру мақсатында геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Одан бөлек «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы «Торғай-палеозой» кен орнында терендігі 5,5 метр ұңғыманы бұрғылауда. Қазіргі таңда бұрғылау жұмыстары шамамен 5,4 мың метрденікке жетті. Осы ретте, құрметті мырзалар, компанияның заманауи технологиясы мен тәжірибесін ескеріп, Қызылорда облысында бірлесіп жұмыс жасауға шақырамыз. Облыс әкімдігі өз тарапынан зауыттарды орналастыру үшін жер, инженерлік инфрақұрылым, жан-жақты логистикалық қолдау білдіруге дайын», – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Сондай-ақ, аймақ басшысы «Xian ANCN Smart Instrument Inc» мұнай-газ компаниясының басшысымен кездесті.

«Xian ANCN Smart Instrument Inc» компаниясы 2007 жылы құрылған. Негізгі қызметі – газ кен орнының автономды басқару жүйелерін, жарылысқа қауіпсіз тексеру роботтарын, смарт өлшеу құралдарын және басқа да мұнай-газ жабдықтарын өндіру. Компанияда 320 қызметкер, 100 ғылыми-зерттеу тобының мүшесі, 340 ғылыми зерттеу патенті бар.

Облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, жауапты сала басшылары, кәсіпкерлер Синьян қаласында инвестициялық тұрғыдан әлеуетті бизнес өкілдерімен кездесті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары кезінде Шэньси провинциясының басшысы Чжао Ганмен де кездесті.

мен бірлесіп жұмыс істеуден мол тәжірибе жинақтаған өңір екенін атап өткім келеді.

Мұндағы ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, баламалы энергия көздері, құрылыс индустриясы, тау-кен өнеркәсібі, машина жасау салаларындағы озық технологиялар біз үшін аса құнды. Барлық саладағы жетістіктерді, тәжірибені игеруге қызығушылық танытып, арнайы келдік.

Бүгінгі мүмкіндікті пайдаланып, қытайлық компанияларды Қазақстанға инвестиция салуға шақырамын. Біздің тараптан барлық қажетті жағдай жасалады. Инженерлік инфрақұрылым жеткізіп береміз, жеңілдіктер бар, өндірілген өнімді өткізуге атсалысамыз», – деді Н.Нәлібаев.

Өз кезегінде Чжао Ган мырза екі ел арасындағы байланысты нығайтып, инвестициялық жобаларды қолдауға дайын екенін жеткізді.

Қытай – Қызылорда облысының ең ірі сауда серіктесі және өңірдің сыртқы сауда көлемінің шамамен 60%-ын құрайды, одан соң Ресей – 23,3% және Еуропа елдері – 8%. Қытайға негізінен мұнай өнімдері, майлы дақылдардың тұқымы, балық өнімдері және өңделмеген алюминий экспортталады. Импорттың негізгі позициялары – машиналар, жабдықтар, полимерлер және құрылыс материалдары.

Бұдан әрі облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация Нинься-Хуэй провинциясының губернаторымен кездесті. Басқосуға жауапты сала басшылары, бизнес қауымдастық өкілдері қатысып, онда екі елдің ынтымақтастығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, баламалы энергия көздері, құрылыс индустриясы, тау-кен өнеркәсібі, машина жасау мәселелері талқыланды.

– Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстар Ұлы Жібек жолы арқылы ғасырлар бойы дамып, бізді Батыс пен Шығысты жақындастыруға негіз болған тығыз сауда-экономикалық қатынастар біртүрлі. Бүгінде «Бір белдеу – бір жол» бастамасы осы бағытты жандандырып қана қоймай, оның әлемдік аренадағы ролін күшейтті. Сауда керуендері әлі де жаңа Жібек жолы – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі арқылы өтіп, Еуропа, Азия және Таяу Шығыс елдерін байланыстырады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, баламалы энергия көздері, құрылыс индустриясы, тау-кен өнеркәсібі, машина жасау салаларындағы озық технологияларды, тәжірибені игеруге қызығушылық танытып, өзмізбен бірге облыстың инвестициялық әлеуеті туралы және 60 инвестициялық жобаның тизерін әкелдік», – деді аймақ

«Чайна Гласс» компаниясының қатысуымен құны 90,4 млн. АҚШ. доллары, қуаттылығы жылына 197 мың тонна табақша шыны өндіретін Қазақстандағы алғашқы шыны зауыты ашылды. Зауыт іске қосылғалы бері 31,4 млн. шаршы метрден астам, 76,7 млн. АҚШ. долларын өнімнің өндірісі. Оның 30%-ы ішкі нарыққа өткізіледі, ал 70%-ы Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Грузияға экспортталады.

Бүгінде шыны кластерін құруға және түрлі шыны бұйымдарын өндіруге бағытталған жаңа ілеспе жобалар шеңберінде белсенді жұмыс жүргізілуде. Былтыр маусым айында жылына 5 млн. шаршы метр энергия үнемдейтін эйнек шығаратын жаңа желі іске қосылды. Одан бөлек айна, шыңдалған шыны, автомобиль эйнегі мен шыны бөтелке өндірісі бойынша жобалар бар. Сондай-ақ, қуаттылығы 141 МВт-тық 4 күн және 1 жел электр станциясының құрылысы жүргізілуде.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегацияның Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары Нинься-Хуэй автономдық ауданының Иньчуань қаласында жалғасты.

Аймақ басшысы күріш өсіру өндірумен айналысатын «Ningxia Guangyin Rice Industry Co., Ltd.», ауыл шаруашылығы саласындағы «Ningxia State Fattm» компанияларының жетекшілерімен кездесіп, аймақтың әлеуетіне сәйесі инвестиция тарту мәселелерін талқылады.

– «Қызылорда облысы – Қазақстандағы күріш өндіруші ірі өңір. Облыста барлық қазақстандық күріш пен тұздың 90%-дан астамы өндіріледі. Біз ішкі нарықты толығымен қамтамасыз етеміз, сондай-ақ, өнімді алыс және жақын шетелдерге белсенді түрде экспорттаймыз. Жыл сайын 80 мың гектардан астам жерге күріш егеміз.

Өткен жылдың қорытындысымен 500 мың тонна күріш жиналып, 73,2 мың тонна экспортталды. Бұдан бөлек дәнді, майлы дақылдардың, жем-шөп, картоп, көкөніс, бақша дақылдарының егістік алқаптары бар.

Өндіре 700-ге жуық шаруа қожалығында 15 түрлі күріш сорты өсіріледі. Ал, күріш өңдейтін 40 компания ғана бар. Негізгі ауыл шаруашылығы өнімі күріш болғандықтан, біз оны терең өңдеу саласына қызығушылық танытамыз.

Сіздердің компанияларыңыздың мол тәжірибесін ескеріп, Қызылорда облысына бірлесіп жұмыс жасауға шақырамыз. Серіктес қажет болған жағдайда, өңірде өз салаларыңа дамытқан тәжірибелі кәсіпкерлер бар», – деді Н. Нәлібаев.

Кездесуде облыс әкімі аталған компания басшыларын өңірдің әлеуетімен жақынырақ танысу үшін арнайы іссапармен Қызылордаға шақырды.

Нью-Мексико университетінің 20 ғалымынан тұратын топ қайтыс болған адамдардың миын зерттеген. 2016-шы жылы қайтыс болған 28, 2024-ші жылы қайтыс болған 24 адамның миын зерттегенде олардың барлығында дерлік кішкентай болса да пластик болған. Тек 2016-шы жылы қайтыс болғандарға қарағанда 2024-ші жылы қайтыс болғандардың миында пластик талшықтары 40%-ға көп болған.

Сондай-ақ тірі кезінде деменциямен ауырған, яғни жадынан айрылып, ақыл-есі кеміген 12 адамның миын зерттегенде деменция емес адамдарға қарағанда оларда микропластиктер 3-5 есе көп болып шыққан. Сондай-ақ, пластик талшықтары, микропластиктер бауырдан да, бүйректен де, қаннан да, емшек сүтінен де, сүйек кемігінен, тіпті іштегі баланың жолдасынан да табылған.

Қан тамырлары жүйесін зерттегенде микропластиктердің қан тамырларын бітеп, қан айналысына кедергі келтіретіні белгілі болған. Тағы бір ғылыми жұмыс нәтижесінде микропластиктер ми тамырларын да бітеп тастайтыны айқындалған.

Жалпы микропластиктерді миға кіріп, адам денсаулығын нашарлататыны 2018-ші жылғы Вена медицина университетінің зерттеуі арқасында белгілі болған. Халықаралық ғалымдар тобы полистиролдың кішкентай бөлшегінің өзі тамақ ішкеннен кейін айналдырған бірнеше сағатта миға жетіп баратынын анықтаған. Негізі бұған дейін гематоэнцефаликалық бөгет зиянды заттардың миға түсуіне жол бермейді деген түсінік бар болатын.

Миды зерттегенге дейін микробиологтар микропластик ішектен кедергісіз өтеді деп дәлелдеген екен. Бір қиыны асқазан-ішек жолында пластмасса бөлшектері қабыну процесін тудырып, онкология ауруларына жол ашатын көрінеді.

Енді ағаға микропластик қайдан түседі дейтін болсақ, тамақтан, судан, ауадан бәрінен де қауіп бар дейді, ғалымдар. Әсіресе, микропластик қаптаманың бұзылуының өнімі екен. Әлемде жылына өндірілетін 300 млн. тоннадан астам пластик тағамдар мен сусындардағы қаптама жасауға жұмсалатын болса, күн сәулесінен, қызудан, қысқа толқынды пештерде ысытудан, пакеттердің, бөтелке мен контейнерлердің үйкелісінен, соқтығысынан пластиктер ұсақ, майда бөлшектерге бөлініп, оқ бөлшектер тағамға, сусынға түседі.

2022-ші жылы Exposure and Health жариялаған зерттеуінде адам аптасына кем дегенде 5 грамм пластик жұтады деп жазған.

Климаттық өзгерістерге орай өзгеріп отыратын ауа райы да, мәселен аптап ыстық, сондай-ақ климаттық апаттар да инсульт, бас ауру, қояншық сияқты ауруларды қоздырады екен. Депрессия мен шизофренияға да әсері мол дейді.

Лондонның университет сипатындағы колледж ғалымдарының қорытындысы бойынша әсіресе миы ауыратындарға ауа райы өзгерістері кері әсер етеді.

Ғалымдар 1968-ші жылдан 2023-ші жылдар аралығында жарық көрген 332 ғылыми мақалаға сараптама жасаған. Ондағы ойлары климат өзгерісінен болатын аптап ыстық пен стихиялы апаттардың жүйке мен неврологиялық ауруларға әсерін білу. Инсульт, бас сақинасы, Альцгеймер, менингит, эпилепсия, ұмытшақтық және де үрейлену, түңілу, шизофрения бас-аяғы 19 науқасты зерттегенде қоршаған орта ауруларды таратып қана қоймай, оны асқындыратыны, мүгедектікке дейін әкелетіні, тіпті өлімге жеткізетіні белгілі болған.

Мәселен, деменциямен ауыратындардың науқасы ауа температурасы көтерілгенде, күн бұлттанғанда, тағы да басқа ауа райы өзгерістері болғанда күшейетіні байқалған.

Ауа температурасы қатты көтерілгенде жүйкесі ауыратындар да «көтеріледі» екен. Осы кезде олардың арасындағы өлім-жітім де күшейеді. Дауыл тұрғанда, немесе орман өрті орын алғанда адамдар арасында үрей басым болып, дағдарыс күшейіп, өмірден түңілу, өзіне-өзі қол жұмсау туралы ойлар да жиілей түседі.

Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау ұйымының 2019-шы жылғы статистикасы бойынша әлемде 1 млрд-қа тарта адам жүйке ауруларымен ауыратын болса, оның 14%-ы жеткіншектер екен. Әлемдегі барлық өлімнің 1%-дан астамы жүйке ауруының асқынуынан өзіне-өзі қол жұмсаудан болады екен. Өзіне-өзі қол жұмсағандардың 60%-ы жасы 50-ден асқандар дейді.

Ресми статистика бойынша өліміз тұрғындарының 1%-ы, яғни 195 779 адам жүйке ауруларымен ауыратындықтан, есепте тұрады екен. Бұлардың 40%-ы ақыл-есі кем деген диагнозы бар. Ал ми тіндеріне зақым келген науқастар саны 58 мың адам екен. Ал, үшінші орында шизофрения тұр. Мұнымен 44 321 отандасымыз ауырады. 2022-ші жылы еліміздің 11,5 мың адамы жүйке аурулары диагнозымен бірінші рет тіркелген.

Зерттеушілер ойынша климаттың дағдарыс кесірінен болатын ауа райының ұлы заттармен ластануынан, жұқпалы аурулардың жұққыншығынан, аномальді ыстықтан, құрғақшылықтан, су тасқынынан миллиондаған адамдардың денсаулығы сыр береді.

Қазіргі уақытта қайсыбір ғалым болмасын климат өзгерістерін жеңілдететін амал ойлап тауып отырған жоқ. Бірақ жүйкені тоздырмай, сақтауға, дұрыс тамақтануға, мезгілімен ұйықтауға, темекіден, спиртті ішімдіктерден бас тартуға кеңес береді. Сондай-ақ жағымсыз ақпараттардан бойды аулақ ұстап, «жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей жақсыға үйір болған жөн дейді.

2012-ші жылы Америка университеттерінің бірінің маманы тышқанның миына лас ауаның әсерін зерттеп көрген.

Негізі ауы газға, қатты бөлшектерге толы лас ауа астма, өкпе обыры, тыныс алу органдарының басқа да ауруларына себеп екені белгілі. Тіпті жүрек ауруына да әсері бары талай жүректің ауыртқаны сөзсіз. Бірақ, бұдан 13 жыл уақыт бұрын лас ауаның миға әсерін ғалым мамандар зерттей қоймапты. Содан да 2012-ші жылы маманның тышқандар миына жасаған зерттеуі көпшілік қызығушылығын туғыза қоймаған.

Алайда, қазіргі кезде ми мәселесі бүкіл әлем «миларын» ойландырып тұр. Өйткені ми, жүйке ауруы көбейіп тұр. Мұның себебін зерттегенде ауаның ластануының жоғары деңгейі ақыл-есті азайтып, адам бойында қозушылықтың, үрейдің, күйреудің көбейгенін бөлек, соның салдарынан өз өміріне өздері қол сабатында қатарын көбейтіп отырғаны белгілі болған. Әсіресе, жастар менен еңбекке белсенді топтар арасындағы аурушандық алаңдатпай қоймайды.

Балалар арасында жиілеп кеткен аутизм мен ақыл-естің кем дамуы балалардағы жүйке талшықтарының дамуының жеткіліксіздігі деп қорытындыға келген зерттеуші ғалымдар оның да түп негізі лас ауада деп дабыл қағуда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2021-ші жыл қорытындысы бойынша әлем тұрғындарының 99%-ы лас ауадан қорғалмаған дейді. Халық, өндіріс орындары көп шоғырланған ірі қалалардан бөлек шағын елді мекендердің өздерінде де ауаның ластануы қазір төмен еместігі анық.

Негізі лас ауа дегеніміз – әралуан газдар мен зиянды бөлшектердің қосындысы. Мәселен көлікпен шығатын газ, өндірістік қалдықтар, пеш түтіні, шаң – мұның бәрінде де азот оксиді, күкірт, көміртегі тотығы, озон бары рас.

Лас ауа әсер еткенде алғашқыда ми қабынып, жүйке талшықтарын қорғайтын тіндердің өзі ағаға қарсы жұмыс істеп, ауырсынуды көбейте беретін көрінеді. Өзірге лас ауаның қай компоненті миға өте зиянды екені анықтау мүмкін болмай тұрса керек. Мәселенің қиындығы қалтасы жұқа жандардың аурушандығын білімін, тамақтанудың төмендігінен, дәрігерлік қызметтердің қолжетімсіздігінен бөлек лас ауа әсері күшейте түседі.

АҚШ, Франция, Қытай сияқты дамыған елдер ауасын тазарту арқылы ми ауруын азайтып, ақыл-есті азайтпауға қол жеткізіп жатыр екен...

Біз де қоршаған ортаны тазартамыз, таза ауа қалыптастырамыз деген ниетпен Тоқаев бастамасымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы қолға алынды. Өр кезең сайын бөлен сенбілік өтіп, бөлен жер, көл, өзен сулары қоқыстан тазартылды деп ақпар беріліп жатады. Мұның бәрі тек емес...

...«Таза Қазақстан» акциясының аясында әр сенбі сайын жарияланатын облыс әкімі Н.Нәлібаев сенбілігінің бойымызға дерт дарытпауға, миды кеселден сақтауға үлкен үлесі бар болып шықты...

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНАНЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРАМЫЗ?

Сыбайлас жемқорлық - бұл адамның көздеген мақсатына оңай әрі тез жету үшін, «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүріп, оңай жолды таңдау арқылы Қазақстан Республикасының бекітілген заңын бұзып, ақша ұсынуы және оны өз еркімен қабыл алуы. Сыбайлас жемқорлық сөзінің өзі сындыру, құрту, бүлдіру деген мағынаны білдіреді. Бұл бізге сыбайлас жемқорлық кез келген елді құртып, халықтың арасына іріткі салып, келешегіміздің булыңғыр болатынын түсіндіреді. Бұл тезистің мақсаты - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Күрестің міндеттері - көпшілікке паракорлыққа қарсы іс-қимылдарды насихаттау; ғаламдық мәселенің алдын алу және шешімін табу; қоғамға кедергі келтіретін, әлемдік дертке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресу.

Жемқорлық «коронавирусы» іспеттес қатерлі дерт десек қате болмас еді. Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң бар. Егер Қазақстан азаматы, немесе азаматшасы пара беру барысында ұсталса, жоғарыда аталған заң бойынша ауыр жазаға тартылады. Алайда, бұған қарамастан қаншама адамдар жемқорлықтың өсуіне өз үлестерін қосуда. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер, жоғары лауазымды адамдар. Қаншама қарапайым халық сыбайлас жемқорлыққа қатысты жанайқайларын баспасөздерде жеткізгеннен сол адамдарға ақшаны өздері ұсынатындығы өте өкінішті. Себебі, қазіргі таңда адамдардың түп санасында бұл заманды ақша билейді деген қағида қалыптасып кеткен. Бұл түсініктің алдын алу үшін ең алдымен әр жеке тұлға санасын, бұл мәселеге деген көзқарасын өзгертуі қажет. Біріншіден, адам саналы тұрда пара сұрауды тоқтатуы қажет, тіпті ұсынған жағдайда қажетті органдарға дереу ескертуі тиіс. Осылайша сол адамдар өз жазасын алады. Егер осылай жасасақ пара ұсынушы және оны қабыл алған адамдардың бойына қорқыныш ұялайды, әрі пара беремін деген өзі екінші рет туындамайды. Ең бастысы, олар бұл жағдайдан сабақ алары сөзсіз. Екіншіден, тәрбие мен мәдениеттілікке тікелей қатысы бар.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Жастарды қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек». Бұлай ерекшеліп айтуының өзі еліміздің болашағы жастардың қолында екенін, олардың еліне адал болуы, түзу жолды таңдауы, сыбайлас жемқорлықтың орын алуын болдырмауы еліміздің өркендеуіне біршама үлес қосатынын көрсетеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында адал еңбекпен,

мандай термен тапқан әр тиын — нағыз ардың ісі екенін, өскелең жастарға да бұл қасиетті бойларына сіңіріп, тәрбие беру керек екенін айтып келеді. Осы бастан өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетін, сыбайлас жемқорлық біздің қоғамда өмір сүріп жатқан «құбыжық» екенін түсіндіру керек. «Transparency International» ұйымының жемқорлықтың әлем бойынша рейтингін анықтауы бойынша еліміз 2020 жылы 180 елдің ішінен 94-орын, 2021 жылы 102-орынға жайғасты. Бұл көрсеткіш елімізде паракорлықтың артып келе жатқандығын көрсетеді. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда пара алу, пара беру бойынша көрсеткіш 20%-дан астам азайған.

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары іске асырылуда. Мемлекет басшысының өкілетті органның алдына қойған талаптарының орындалуына байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымы қайта қаралды. Экономиканың құлдырауына себепкер болып отырған лауазымды тұлғалардың әрекеттерін әшкерелеу мақсатында лауазымды тұлғалардың қаржыларын жүргізу құралдары орнатылуда. Біздің жауабын таба алмай жатқан ауқымды мәселенің шешімі негізі оң-оңай. Ол — Отанға деген шексіз махаббат, яғни патриотизм. Қазір жасалып жатқан шаралар болсын, алдағы уақытта қолға алынатын шаралар болсын әр қандасымыздың бойында елімізге деген кішкене ыстық сезім, сүйіспеншілік болмаса, бәрі бекер екені мәлім. Отанға деген махаббат, елге адал қызмет ету, өз халқына жанашыр болу, біреуге пара беріп, пара бермеу жемқорлыққа қарсы нағыз күрес осы. Қорытындылай келе, әр адам өз-өзімен жұмыс жасау керек, тек бас пайданың қамын емес, елдің келешегін ойлауы қажет.

Саналы ұрпақ тәрбиелеп, олардың бойына адал қызмет ету, заңсыз жолмен келген ақшамен шалқып өмір сүру бақыт емес, керісінше, болашағы жарқын елде өмір сүру үлкен бір бақыт екенін түсіндіруі қажет. Әрине, үкімет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар үнемі жағдайды қатаң түрде бақылауда ұстаулары маңызды. Еліміздің амандығы мен дамығанын, бәсекеге қабілетті мықты елдер қатарында болғанын қаласақ, сыбайлас жемқорлықты жеңуге бәріміз бірге атсалысуымыз қажет. Бірлікте болсақ, заңға сүйеніп әрекет етсек алынбайтын қамал жоқ. Сананың өзгеруі адамның ішкі жандүниесін, пейілін өзгерткенде, өзін саналы тұрғыдан өзгерткісі келсе, бәрі дұрыстарлары анық.

**Есжанов Ғалымжан Сансызбаевич
М.Шәменов атындағы
ауылдық округі әкімі**

АРАЛ ҰЛТАНЫ ОРМАНҒА АЙНАЛАДЫ

Мемлекет басышымыздың Арал теңізі құрғаған ұлтанында алдағы бес жыл ішінде 1,1 млн гектар сексеуіл екпелерін ұлғайту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен Қызылорда өкімдігі бірлесіп бекітілген Арал теңізінің құрғаған табанына сексеуіл егуге бағытталған 2021-2025 жылдар аралығындағы фиторманмелиорациялық жұмыстарды жүргізуде. Бұл жұмыстардың негізінде «Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі ММ»КММ –нің мемлекеттік орман қоры аумағында жүргізілді. Қазіргі таңда, көктем айна жоспарланған жұмыстарға дайындық басталып кетті. Облыс аумағындағы мемлекеттік орман қоры жерлердің жалпы көлемі 6,5 млн гектарды құраса, оның 3,8 млн гектары орманды алқап болып табылады. Арал теңізі құрғаған ұлтанында 2021 жылдан бастап аталған тапсырмаға сәйкес жұмыстар басталып кеткен болатын. Қазіргі таңда, теңіздің тартылып кеткен табанына отырғызылған орман аумағы әлеуметтік- экономикалық тиімділігін көрсетіп отыр.

Орман тұқымбағынан қазылған қара сексеуіл көшеттері мен тонналап жиналған қарабарак, қара сексеуіл тұқымдары арнайы зертханалардан сапалы жөніндегі құжаттары алынғаннан кейін теңіз ұлтанына жөнелтіледі. Дәл осылай құрғаған аумақта тіршілік пайда болды. 30 жылдан астам жоспарлы жұмыстар жасалып келсе де, дәл осы жоба аясындағыдай үлкен көлемде жұмыстар жасалынбаған еді.

Мамандардың ұзақ жылдар бойы жасаған жобасының нәтижесі оң нәтиже беруде. Мақсат- қоршаған ортаны жағдайын жақсарту, құрғаған ұлтанды ормандандыру, аймақты тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Климаттық жағдайды жақсарту да шеттен тыс қалмайды. Мақсаттың орындалғанын қажырлы жұмыстың нәтижесі. Бұл ретте, айта кету керек арал орманшыларының еңбегі ұшан теңіз десек те болады. Ауа райының қолайсыздығына қарамай ұшқан шаң, тұздың, құмның ортасында күн-түн демей жұмыс атқарып келеді.

Ең бастысы, жұмыс нәтижесіз емес, көз қунтарлық Арал теңізі құрғаған ұлтаны көз алдымызда орманға айналуда.

Ә.СЕРІКБАЙ
«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі ММ»КММ –
нің орманшылық басшысы

КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК

Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінің Бастауыш білім беру педагогикасы мамандығы бойынша 1-курс студентімін. Қазақстан тарихы сабағынан пән оқытушысы Ахметова Лаура апайымның тапсырмасы бойынша “Көші-қон саясаты және ұлттық бірегейлік” тақырыбында зерттеу жасап, көші-қон саясатының қазақ халқы үшін маңыздылығын терең түсінуге тырыстым.

Көші-қон – әлемдік деңгейде өзектілігін жоғалтпай келе жатқан құбылыс. Әрбір мемлекет өз халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында көші-қон саясатын жүргізеді. Қазақстан да тәуелсіздік алғаннан кейін көші-қон үдерістеріне ерекше назар аударып, шетелдегі қандастарды тарихи отанына қайтару, еңбек миграциясын реттеу және демографиялық тепе-теңдікті сақтау бағытында бірқатар стратегиялық қадамдар жасады. Қазіргі жаһандану кезеңінде көші-қон саясаты елдердің дамуы мен әлеуметтік тұрақтылығының маңызды аспектісі болып табылады. Әсіресе, көп мәдениетті және көпұлтты қоғамдарда көші-қон үрдістері ұлттық бірегейлікті сақтауда шешуші рөл атқарады. Қазақстан – өз тарихында әртүрлі ұлт өкілдері үйлесімді өмір сүріп жатқан көп ұлтты ел. Дегенмен, көші-қон үрдістері ұлттық бірегейлікті нығайтуда жаңа сынақтар мен мүмкіндіктерді де өзімен бірге алып келеді. Міне, осы салаға үлес қосқандардың бірі Нәбижан Мұхамедханұлының зерттеуі туралы айтқым келіп тұр.

Нәбижан Мұхамедханұлы – тарихшы, ғалым, қандастар мәселесін зерттеуші

Ол Қытайдағы қазақтардың тарихы, көші-қон процестері және қандастар мәселесі бойынша зерттеулер жүргізіп жүрген белгілі тарихшы, профессор. Қазақстан мен Қытай арасындағы тарихи, саяси және мәдени байланыстарды зерттеумен айналысады. Ғылыми еңбектері және зерттеулерінде Қытайдағы қазақтардың тағдыры мен олардың тарихи отанына оралу мәселелеріне ерекше назар аударған ол Қазақстанға көшіп келген қандастардың жаңа ортаға бейімделуі, олардың құқықтық және әлеуметтік жағдайы туралы ғылыми еңбектер жазған.

Оның зерттеулері Қазақстандағы көші-қон саясаты, қандастардың қоғамдық өмірге ықпалдасуы және олардың ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелерін қамтиды. Ол Қытайдағы қазақтардың тарихи жағдайын сипаттап, олардың мәдени мұрасы мен ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына әсер еткен факторларды талдаған.

Қазақ-қытай қатынастары және қандастар мәселесі бойынша Нәбижан Мұхамедханұлының ғылыми еңбектерінің бірі – Қазақстан мен Қытай арасындағы тарихи және қазіргі қарым-қатынастарды зерттеу. Ол Қытайдағы этникалық қазақтардың мәселесін, олардың құқықтары мен әлеуметтік жағдайын талдап, бұл тақырыпта ғылыми мақалалар мен кітаптар жазды.

Сонымен қатар ғалым Қазақстанның көші-қон саясатын талдап, оралмандардың тарихи отанында орнығу барысындағы қиындықтар мен шешу жолдарын ұсынған.

Нәбижан Мұхамедханұлы – қазақ тарихы мен көші-қон мәселелерін зерттеуге зор үлес қосқан ғалым. Оның еңбектері қандастар мәселесін жан-жақты талдауға, олардың тарихи отанында лайықты өмір сүруіне ғылыми негіз қалыптастыруға ықпал етті. Оның зерттеулері Қазақстандағы көші-қон процестерін түсінуге көмектесіп, ата жұртқа оралған қазақтардың бейімделуі мен ұлттық бірегейлігін сақтауға бағытталған маңызды ұсыныстарды қамтиды.

Жандосқызы Мариямай

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің
“Бастауыш білім беру педагогикасы” бөлімінің 1-ші курс студенті

ОРМАН ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ МІНДЕТ

«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша орман өртінің алдын алу, сақтау, қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету – орманшының басты міндеттерінің бірі. Осы орайда атқарылып жатқан іс те аз емес.

Жыл сайын орман өрті маусымы кезінде өрт мұнаралары ұдайы кезекшілік ұйымдастырылып, мемлекеттік орман қоры аумағымен шектесіп жатқан ауылдық округтермен тұрақты байланыста болып, ескертулер таратылып, жасак ұйымдастырылады. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен тығыз байланыста болып, өрт-тактикалық жаттығулар

Өрт сөндіру тақырыбында оқулар жоспарлы түрде жасалып, түсіндірме, үгіт-насихат жұмыстары жыл бойына жүргізіледі. Ормандағы тағы бір өрттің алдын алу үшін орманды айналдыра немесе қауіп жоғары аймақтарда минералды жолақ жасалады. Бұл қауіпсіздік және тиімділігі жағынан ұтымды. Биылға 346 км аумақ жасалу жоспарлануда.

Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясына ұсыныс бере отырып өрт қауіп маусымы басталмай тұрып болып өртеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл дегеніміз өрттің қауіпін басым, қамысты аумақтарды белгілеп, ескі жылдан қалған қураған қамыстарды өртеп,



жасалып тұрады. Іс қимыл жоспары бекітілген орман мен дала өрттерінің алдын алу және жою жұмыстарына аумақтағы түгел дерлік орманшылардың өрт сөндіруге арналған қажетті құрал – саймандарымен дайын болады. Арнаулы күш ретінде мекемеде арнайы өрт сөндіру машинасы да кез келген уақытта дайын болады. Тек қана мемлекеттік орман қоры аумағында ғана емес, шетесіп жатқан ауылдық жерлердегі жағдайларда да дереу көмекке дайын тұрады.

Бұл жұмыстар арнайы мамандардың бақылауымен жасалады.

Сол себептен де орманшыларымыздың міндеті орман өсіріп, молайтып, сақтап қана қоймай оның қауіпсіздігін сақтап, қорқыту мақсатында әрі қарай жұмыс жасау.

Г.Д.СМАГУЛОВ

«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орманшылық басшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ, Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ормандарында ағаш кесуге тыйым салу туралы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 30 қазандағы №260 бұйрығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі сексеуіл ағаштарын кесудің барлық түріне 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін тыйым салынғандығын хабарлайды.

ҚР ӨҚБТК-нің 381-1-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау

2-бөлігі: Елу айлық есептік көрсеткішке дейін залал келтіре отырып, орман қорына кіретін ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау –

заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, көрсетілген бұзушылықтарды жасау құралы болған бұзушының көлік құралдары және өзге де заттары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – үш жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ

ҚЫСҚЫ КЕЗЕҢДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Құрметті ата-аналар! Бұл балалардың өмірі мен денсаулығына, құқық бұзушылықтар жасауға қауіп төндіруі мүмкін.

Өмірді сақтауға көмектесетін маңызды ережелерді түсіндіре отырып, олармен жеке әңгімелер өткізіңіз;

- Есіңізде болсын, түнде (сағат 22.00-ден 06.00-ге дейін) балалар мен жасөспірімдерге ересектердің еріп жүруіңіз көшеге шығуға заңды түрде тыйым салынады;

Балаңыздың қайда және кіммен бірге екенін үнемі біліп отыру, оның тұрған жерін бақылау;

Естеріңізге сала кетейік, қыста асфальт тайғақ болады, көліктердегі тежеу жолы артады, сондықтан бала жолды кесіп өткенде, әсіресе күннің қараңғы уақытында ерекше назар аударуы керек;

Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін балаларға қыста су қоймаларында болу өте қауіпті екенін түсіндіріңіз.

Құрметті ата-аналар! Есіңізде болсын: Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау – ересектердің басты міндеті. Балаларыңыз қайғылы оқиғалардың көлеңкесінде қалмауы үшін бәрін жасаңыз.

Қыста бізді күтіп тұрған қауіптер: Бұл мұздақтар, көктайғақ, аяз, жұқа мұз.

1. Абайлаңыз, мұздақтар! Үйлердің төбелерін салбырап тұрған мұздықтар мен қар тауларына назар аудару маңызды. Мұндай жерлерді айналып өту керек.

2. Абайлаңыз, көктайғақ! Мұзды тротуарда сіз бүкіл табанға басып, кішкене қадамдармен жүруіңіз керек. Мүмкіндігінше тайғақ жерлерді айналып өтуге тырысыңыз. Әсіресе қыста жолды байқап кесіп өту керек – тайғақ жолдағы көлік бірден тоқтай алмайды!

3. Абайлаңыз, аяз! Аязды күндерде серуендеуді азайтыңыз немесе толығымен алып тастаңыз.

4. Абайлаңыз, жұқа мұз! Мұздатылған су қоймаларына шықпаңыз! Егер түсіп кетсеңіз көмекке шақырыңыз, сыртқа шығуға тырысуыңыз керек, жорғалап немесе шетіне қарай домалап кетуіңіз керек!

Е.ЕСЕНГЕЛДИЕВ
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар Басқармасының төлімгері,
М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау Академиясының 4-курс кіші сержанты

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары

Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінің тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күнелігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ВИЦЕ-МИНИСТРИМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиевпен кездесті. Басқосуда өңірдің ауыл шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстар мен қолға алынған жобалар талқыланды. Сонымен қатар егісті әртараптандыру, су ресурстарын тиімді пайдалану және өндіріске жаңа технологияларды енгізу мәселелері көтерілді.

Аймақ басшысы мемлекеттік қолдаудың арқасында мал басы тұрақты өсіп, өндірілген өнім көлемі артқанын атап өтті. Суармалы жерлерді тиімді пайдалану, мал шаруашылығын дамыту, жергілікті өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және саланы цифрландыру оңтайлы шешімін тауып келеді.

Вице-министр Сыр еліне облыс әкімінің шақыртуы бойынша саладағы кейбір мәселелерді талқылау мақсатында арнайы жұмыс сапарымен келген болатын. Өрі қарай облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жахановпен бірге аудандарға барып, атқарылған жұмыстармен танысты.

Өткен жылы мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бюджеттік бағдарламасы бойынша 623 тауар өндірушіге субсидия төленген.

Өңірде балық шаруашылығын дамыту бағдарламасына сәйкес 2030 жылға қарай 16 мың тоннаға дейін балық өсіру жоспарлануда. Тауарлы балық өсірумен 93 шаруашылық айналысады. Былтыр 1001,2 тонна балық өсіріліп, белгіленген көрсеткіш толық орындалды. Быылға 1426 тонна жеке бекітілген. Ветеринариялық іс-шараларды уақытылы жүргізгеннің нәтижесінде аймақтың эпизоотиялық жағдайы тұрақты.

СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Төтенше жағдайлар вице-министрі Серік Төленбергеновпен кездесті. Кездесуде су тасқынының алдын алу және басқа да маңызды мәселелер талқыланды.

Аймақта тиісті сала мамандары («Қазгидромет» және «Қазсуар») РМҚ Қызылорда филиалдары) Сырдария өзені арнасындағы бекеттер мен тораптардағы су деңгейіне күнделікті мониторинг жүргізуде. Жергілікті атқарушы органдар мен су шаруашылығы мамандары тәулік бойы кезекшілікте.

Облыс бюджетінен қаржы бөлініп, «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамымен келісім-шарт жасалған, соған сәйкес 2 тікұшақ дайындыққа келтірілген. Мұз жару бойынша да арнайы мамандандырылған мекемемен келісім-шарт бар.

Өткен жылы 3 нысандағы қорғаныс бөгеттерін жөндеу-қалпына келтіруге облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылды. Бұдан бөлек, бюджеттен тыс көздер есебінен 20 нысан жөнделіп, қалпына келтірілді.

Облыс аумағында 37 гидротехникалық құрылыс бар. Коммуналдық меншіктегі 3 су қоймасына тексеру жүргізіліп, қауіпсіздік декларациясы рәсімделген. Быылға күрделі жөндеу жұмыстарына қаржы қарастырылуда.

Су тасқыны болған жағдайда 61 эвакуациялық жинақтау және 71 қабылдау пункт халықты көшіруге дайын. Ақпанның 6-7 күндері «Көктем-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді. Су тасқынына қарсы 123 жеке құрам, 23 техника, 6 жүзу құралы, 33 мотопомпа және 2 тікұшақ әзір.

Кездесуде С.Төленбергенов су тасқынына қарсы шараларды күшейтудің маңыздылығына тоқталды.

СЫРДАРΙΑ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапарымен барып, құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге «Руханият орталығының» жұмысымен танысты, тұрғындарды жеке қабылдады.

Жеке қабылдауға келген 81 азамат электр желілерін жаңғырту, мектеп салу, жарық бағаналарын орнату, теміржол өткелін салу, көше атауын беру, абаттандыру, тағы басқа мәселелерді көтерді.

Сәкен Сейфуллин ауылының тұрғыны электр желілерін қайта жаңғырту мәселесін қозғайды. Аймақ басшысы аталған елді мекенде 30 шақырым электр желілері және 7 трансформатор түнгі жарықпен толықтай қамтылатынын жеткізді. Кент тұрғыны «Жайлы мектеп» салу мәселесін көтерді. Бүгінде «РесПроект» серіктестігінің демеушілігімен 300 орындық білім ошағының жобасы әзірленуде.

Қабылдауға келушілер құқық қорғау органдарының басшыларына өз сауалдарын қойып, олардан заңды шешіміне қатысты кеңес алды. Мұндай кездесулердің жұртшылық сұранысына жедел үн қату, мәселені шұғыл шешудегі маңызы зор. Кейінгі жылдары жеке қабылдау туралы алдын ала хабарланған тұрғындар дәстүрге айналған бастамаға ризашылық білдірді.

Сапар барысында облыс әкімі еңбек ардагерлерімен және зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Онда өңірдің, ауданның дамуындағы жаңашылдықтар мен түйткілді мәселелер, атқарылған істер мен алдағы міндеттер туралы айтылды.

АУЫР ХАЛДЕГІ НАУҚАСТАР ТӘУЛІК БОЙЫ ЕМДЕЛЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына жұмыс сапары кезінде паллиативті медициналық көмек көрсету және оңалту бөлімшелерінің жұмысымен танысты.



Аталған бөлімше ғимараты өткен жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілген. «Пульс» ЖШС күрделі жөндеу жүргізіп, материалдық базасы жетілдірілді, заманауи үлгідегі технологиялармен қамтылды. Арнайы медициналық құрал-жабдықтар алынып, білікті мамандар тартылды.

Мұнда ауыр халдегі және ұзақ уақыт бойы оңалтуды қажет ететін науқастарға тәулік бойы ем-шара жүргізіледі. Ол үшін барлық мүмкіндік қарастырылған, науқастар мезгілімен ем қабылдап, дәрігер бақылауында болады. Қос бөлімшеде 5 дәрігер, 50-ге жуық орта және кіші буын қызметкер еңбек етеді. Сонымен қатар логопед, психолог, массажист, емдік-дене шынықтыру мамандары жұмыс жасайды.

Жаңа ғимараттың бір бөлігінде облыстық жедел жәрдем станциясына қарайтын аудандық бөлімше орналасқан.

Аймақ басшысы күрделі жөндеуден өткен медициналық нысан ел игілігіне ұзақ жылдар бойы қызмет ететініне сенім білдіріп, бөлімше жұмысына сәттілік тіледі.

БЕСАРЫҚ АУЫЛЫНДА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Сырдария ауданының Бесарық ауылында спорт кешені ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.



Облыс әкімі ауылдағы жаңа өрі сәулетті ғимараттар қатары тағы бір маңызды нысанмен толыққанын атап өтіп, жергілікті тұрғындарды құттықтады.

«Бүгін берекесі мен бірлігі жарасқан Сырдария ауданының Бесарық ауылында өздеріңізбен жүздескенімізге қуаныштымыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуде: «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартып, Мемлекет спорт инфрақұрылымын дамыту үшін тиісті қаражат бөлу, яғни балалардың жастайынан алаңсыз спортпен шұғылдануына қажетті жағдайды жасап жатыр. Еліміздің аймақтарында 20 мыңнан астам спорт алаңы жұмыс істеп тұр, 16 мыңнан аса арнайы кешен мен зал бар. Осы нысандардың барлығы толыққанды қызмет етуге тиіс және спортпен айналысамын деген әрбір адамға қолжетімді болуы керек», – деген болатын.

Спорт – елімізді халықаралық деңгейде танытып, Көк Туымызды желбірететін, Өнұранымызды асқақтатытын айрықша маңызды сала.

Өткен жылы қазан айында Қызылорда қаласында «Үстел теннисі» орталығы пайдалануға берілді. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін «Орталық стадионды» алдағы мамыр айында ел игілігіне табыстаймыз. Жақын күндері

көпбейінді «Қызылорда Арена», денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы басталады.

Сырдария ауданының спорт саласында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылы спортшылар республика чемпионаттарынан 29 алтын, 20 күміс, 47 қола, Азия чемпионатынан 4 алтын, 1 күміс, 2 қола, Әлем чемпионатынан 1 алтын медаль иеленді.

Бүгін ашылған жаңа спорт кешенінде ауыл тұрғындарының, жеткіншектердің дене шынықтыруына, спортпен айналысуына жеткілікті мүмкіндік бар. Осы жерде жаттыққан балаларымыз денсаулығы мен рухы мықты, жігерлі, қайратты, болашақта елдің даңқын асқақтатын азаматтар болсын дейміз. Жаңа нысан салауаттылық салтын ұстануға шақыратын құтты орыңға айналсын!» – деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты шарада спорт саласының қызметкерлері мен ардагерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Қоғам қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы Айтбай Көшербаев құттықтау лебізін жеткізіп, Бесарық ауылдық қоғамдық кеңестің төрағасы Өкбар Ақжігітов батасын берді.

Жаңадан ашылған кешен бір мезетте 100-ге жуық баланы қабылдайды. Бұл жерге келушілер қазақ күресі, дзюдо, бокс, грек-рим, еркін күрес, таеквондо, волейбол, футболмен айналыса алады.

ПЛАТФОРМА ҮЗДІК БОЛУЫ КЕРЕК

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында инвестиция тарту, инвестициялық жобаларды іске асыру және Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа мәселесі қаралды. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте аталған мәселелер жан-жақты талқыланды.

«Әлеуетті инвестициялық жобаларды анықтап, оларды жүзеге асыру үшін инвестор тартуға жұмыс істеңіздер. Жобаларды іріктеу кезінде экономикалық тиімділігіне және жұмыс орындарын құруға басымдық берілуі тиіс. Инвестор тарту үшін оларға жеңілдіктер мен субсидиялар ұсыну, салық жеңілдігін жасау, инфрақұрылым жүйелері жүргізілген индустриялық аймақтан жер ұсыну секілді қажетті ақпараттарды беріп, мүмкіндігінше қолдау көрсетуді ұйымдастырыңыздар. Әрбір жобаның іске асырылу барысы мен қаржыландыруын бақылауға алыңыздар.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, Қызылорда қаласы және аудан әкімдері Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға жобаларды тоқсан сайын өзектендіруі тиіс. «Акса Энерджи» компаниясының қуаты 240 мегаватттық жаңа жылу-электр орталығын платформадағы «Жасыл дәлізге» енгізу үшін тиісті мемлекеттік органдармен жұмыс жүргізіңіздер. Цифрлық платформаның республика деңгейіндегі рейтингінің алдыңғы қатарында болуын тиісті басқармалар мен қала, аудан әкімдіктері арасында үйлестіріңіздер», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

2024 жылы өңірге 517 млрд. 500 млн. теңге инвестиция тарту индикаторы бекітілді. Инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар есебінен 640 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 21,7 пайыз болды. Оның 70,5 пайызы – жеке инвестициялар. Тоғыз айдың қорытындысымен 171 млн. АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды.

Былтыр 37 млрд. теңгенің 21 жобасы іске қосылып, 411 жаңа жұмыс орны құрылды. Биыл 288 млрд. 600 млн. теңгенің 33 жобасы іске қосылады деп жоспарлануда. 2025-2029 жылдары аймақта құны 2 трлн. теңгеге жуық 87 инвестициялық жоба іске асырылып, 8 300 жаңа жұмыс орны ашылады.

Өңірде жалпыұлттық инвестициялық жобалар пулы аясында 988 млрд. 200 млн. теңгенің 51 жобасы қолға алынған. Өткен жылдың төртінші тоқсанының қорытындысымен Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға барлық жоба өзектендірілді. Инвестициялық жобалар пулы аясында 35 млрд. 800 млн. теңгенің 14 жобасы іске қосылып, 347 жұмыс орны құрылды. Биылға 282 млрд. 100 млн. теңгенің 16 жобасы жоспарланған.

ОСАЛ ТОПТАҒЫ ОТБАСЫЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Жалағаш ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен әлеуметтік осал топтағы отбасылар үшін сатып алынған 111 пәтерлік 56 тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстау рәсімі өтті. Оған жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа пәтер иелерін қоныстоймен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы, құрылыс, инфрақұрылым салаларындағы жетістіктерге тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыты екенін атап өтті.

Жерлестеріміздің ауызбіршілігі, ынтымақ-бірлігінің арқасында өңіріміз өркендеу жолына түсті.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды.

Облыс бойынша 187 нысанның құрылысы салынууда. Бұл – өңірде қолға алынған жұмыстарымыздың бір бөлігі ғана. Алдағы уақытта елдің игілігі мен балаларымыздың болашағы жолындағы жобалар жалғасын табады.

Жалағаш ауданында да ауқымды істер атқарылууда. Соңғы 3 жылда Жалағаш ауданына 50

млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды.

Бүгін міне, 111 пәтерлік 56 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, жаңа баспаналы иелеріне салтанатты түрде табыстаудамыз.

Елдік мүддеге қызмет етіп, жаңа баспаналарды уақытылы өрі сапалы аяқтаған құрылыс мекемелеріне шынайы алғысымызды білдіреміз. Қоныстой құтты болсын!», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Іс-шарада ел бірлігін бекемдеуге үлес қосқан аға буын ардагерлер мен жаңа тұрғын үйлерді салуға етіп салған құрылысшылар марапатталды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев қоныстой иелерін құттықтап, еңбек ардагері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Қабылбек Нұрмағанбетов батасын берді.

Өткен жылдың басында аудан бюджеті 10 млрд. 200 млн. теңгеге бекітіліп, жыл көлемінде 12 млрд. 200 млн. теңгеге ұлғайды. Аудан халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылған. «Ақсу», Мөрәлі Шаменов елді мекендері газға қосылып, тұрғындар игілігін көрді.

Ауданда 5 жоба жүзеге асырылып, 19,3 шақырымнан астам көше, жол тораптары жөндеуден өтті. Соңғы 3 жылда 5 елді мекеннің 66,3 шақырым электр желілері жаңартылды.

ҚЫЗЫЛОРДАДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАЛҒАСУДА

Өткен жылы Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы Сыр өңірінде кеңінен қолдау тауып, ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Қала, аудан, елді мекендер тұрғындары, мемлекеттік мекеме, қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындар қызметкерлері іргелес аумақтар мен ауаларды тазартуға бірлесіп атылсады. Сонымен қатар тарихи-мәдени ескерткіштер аумағы абаттандырылып, көшеттер отырғызылды, ағаштар егелді. Жасыл желекті көбейту және тазалық сақтау бағытында жергілікті мекемелер белсенді еңбек етуде. «Жасыл Қызылорда» мекемесінің мамандары Қызылорда қаласындағы Н.Назарбаев даңғылы бойын көгалдандыруға қызу дайындықты бастап кетті. Қазір топырақ құнарлылығын арттыру үшін көңмен байытылған құм төселуде. Сондай-ақ, Қызылорда қаласында арық жүйелерін тазалау және көгалдарды күтіп-баптау да жүйелі жүргізілуде.

«Қызылорда тазалығы» мекемесі көшелер мен қоғамдық орындардың қоқысын жинау, абаттандыруды жалғастыруда. Қала тұрғындары мен қонақтарына таза әрі жайлы орта қалыптастыру мақсатында сенбіліктер ұйымдастыру өте маңызды.

Ақпан сенбілігінде облыс орталығы мен барлық аудан тұрғындары жоғары белсенділік танытты. Айта кету керек экологиялық іс-шара басталғалы бері оған 730 000-ға жуық облыс тұрғыны қатысты. 27 000 тоннадан астам қоқыс шығарылды, 505 сквер мен саябақ, 225 тарихи-мәдени ескерткіш аумағы, 791 әлеуметтік нысан, 4596 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 322 су нысаны, 47 451 аула мен көше тазартылды. Бағдарламаға қатысу арқылы әрбір азамат өз аумағын таза ұстап, қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуге үлес қосады. Бұл - экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және табиғатты қорғауға бағытталған маңызды қадам.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен тазалық, көркейтуді-көгалдандыру бағытында 2023 жылдан бері «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауы бастау алды. Кейінгі 2023-2024 жылдары байқау 3 мәрте өткізілді. Облыстық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлініп, жеңімпаз елді мекендерге 48 арнайы коммуналдық техника табысталды. Осы техникалар жеңімпаз атанған аудан орталықтары мен ауылдарда қызмет етуде.

Конкурсты биыл да өткізу жоспарда бар.



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ДЕПУТАТТАР ҚАЛДЫҚТАР ТАҒДЫРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қызылорда қалалық мәслихатының коммуналдық шаруашылық, қала инфрақұрылымы, ауыл шаруашылығы, жер және экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы кең көлемді талқылауға ие болды. Жиынға қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев қатысып, комиссия төрағасы И.Басықараевтың жетекшілігімен жұмыс атқарылды. Отырыс барысында екі негізгі мәселе қаралды: «Тұрмыстық қалдықтарды басқару, орналастыру, өңдеу және қоршаған ортаны қорғау» және «Қызылорда қаласының көріз суларын тазарту нысандарының жай-күйі».

2024 жылы мемлекеттік-жекешілік әріптестік аясында іске қосылған «Қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны және қоқыс сұрыптау кешені» қазіргі уақытта қаланың коммуналдық қалдықтарын жинау мен сұрыптау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуде. 2024 жылы полигонға 96 275 тонна қоқыс шығарылғаны туралы мәліметтер келді. Мұнда пластикалық бөтелкелер, алюминий бангалар, қағаз, картон және автомобиль шиналары сұрыпталып, әрі қарай өңдеуге жіберіледі.

Облыс әкімдігінің бастамасымен және Үкіметтің қолдауымен полигон маңында қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату зауытының құрылысы жоспарланып отыр. Бұл зауыт Оңтүстік Корея технологиясын пайдаланатын «With You e&S Kyzylorda» ЖШС тарапынан салынуы көзделуде. Қазіргі уақытта 4 гектар жер учаскесін рәсімдеу жұмыстары жүргізіліп, жоба республикалық индустриялық картаға енгізілді.

Отырыс барысында Қызылорда қаласындағы көріз су жүйесінің жай-күйі жан-жақты талқыланды. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы міндетін атқарушы Д.Бахтияров мен «Қызылорда су жүйесі» МКК директоры Ж. Абаев көріз су инфрақұрылымының қазіргі жағдайын баяндады.

Қала тұрғындарының 60%-ы орталықтандырылған көріз жүйесіне қосылған, яғни 168 340 адам немесе 45959 тұтынушы осы жүйеге тәуелді. Қызылорда су жүйесінде:

Жалпы 457 км көріз жүйесі бар, оның 18%-ы – яғни 86,8 км-і тозған. 242,2 км-і қысымды көріз су жүйесі. 214,3 км-і өздігінен ағатын көріз жүйесі бар.

Сонымен қатар, 67 көріз насос станциясы (олардың 6-уы басты КНС ретінде – №1, №12, №13 және Тасбөгет кентінен №39, №1 Наурыз, № Тасарық) мен 2 бірлік биологиялық тазарту станциясы қызмет атқарауда.

2024 жылы 11 КНС бюджет есебінен қайта жаңғыртылды (№5, №9, №10, №11, №14, №15, №23, №27, №29, №34, №44). Қаланың орталық бөлігіндегі тозығы жеткен 8,3 шақырым көріз желілері жаңартылып, 500,8 млн. теңге қаржы жұмсалды. Сонымен қатар, кәсіпорының өз қаржысына 3 КНС (№1 Наурыз, №2 Тасарық және №52) жөнделіп, қабылдау камералары тазартылып, насос қондырғылары ауыстырылып, желдеткіш жүйелері жаңартылды.

Отырыста мәслихат төрағасы И.Құттықожаев қаладағы қоқыс жәшіктерінің жеткіліксіздігіне, әсіресе көпқабатты үйлер мен кәсіпкерлік нысандар маңындағы жағдайға назар аудару керектігін айтты. Депутаттар келесі мәселелерді көтерді:

М.Есжанов – жеке секторлар мен ауылдық округтерде қоқыс жәшіктерінің тапшылығы. Ғ.Байсейітов – экологиялық талаптарға сай сынап шамдарын жинау және медициналық қалдықтарды жою жүйесін жетілдіру. И.Басықараев – орталық стадион аумағындағы көріз су станциясынан шығатын жағымсыз иістің жойылуы. А.Төлегенова – Тасбөгет кентіндегі қоқыс жинау жүйесінің тиімділігін арттыру және жеке ассенизаторлардың көріз суларын заңсыз төгу мәселесі. Р.Ізтілеуов – №2 Абай мектебі маңындағы көріз жүйесін «Су жүйесі» мекемесінің балансына беру қажеттілігі.

Отырысқа қалалық мәслихат депутаттары, облыстық экология департаменті, табиғи ресурстар басқармасы, денсаулық сақтау басқармасы өкілдері, коммуналдық мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Көтерілген мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар беріліп, жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктелді.

Алдағы 2025-2027 жылдар аралығында келесі жобалар жүзеге асырылмақ:

Қысымды коллекторды жаңғырту: 22,7 км ұзындықтағы құбырларды ауыстыру жобалары дайындалды. Атап айтқанда, №1 КНС-дан БТС-қа дейінгі 8,15 км x 2 құбыр (3,6 млрд теңге) және №12 КНС-дан 8,9 км x 2 құбыр (3,7 млрд теңге) жобалары қарастырылуда. Құрылыс монтаж жұмыстарының 2025 жылы орындалуына бюджеттік өтінім тапсырылды. Тобылбеков көшесіндегі жоба: Диаметрі 900 мм, ұзыны 850 метр өздігінен ағатын көріз жүйесінің құрылысы (құны 929 млн. теңге). Байтұрсынов-Тобылбеков қиылысы: Мұнда көріз судың арынын басу құдығы (камера-гаситель) орнатылып, 27 КНС тәулігіне 20-21 мың текше метр көріз суын қабылдайтын жүйе құрылады. Қысымды жүйелер: №10, №40 КНС-нан №1 КНС-на дейінгі 2,5 шақырым қысымды жүйелер жобасы (570 млн теңге) және 5 КНС-тың жобасы (859 млн теңге) дайындалды. Жаңа КНС салу: Шаменов көшесінен 10 көп қабатты тұрғын үй мен әлеуметтік нысандардың құрылысы жоспарланып, осы аумаққа жаңадан көріз насос станциясы салу ұсынылды. Коллектор жобасы: Титовтағы БТС-қа дейін 21,8 км коллектор құрылысының жобасы дайын. Бұл жүйеге Белкөп кенті мен Бәйтерек тұрғын аумағының көріз сулары қосылады. Жобаның құны 6 млрд теңге, оның игерілуі 2025-2026 жылдарға жоспарланған. Сонымен қатар, Қызылжарма а/о орналасқан, тәулігіне 70 мың текше метр қабылдайтын биологиялық тазарту станциясының қайта жаңғырту кезеңі 2023-2027 жылдарға жоспарланып, мердігер «Мелиоратор» ЖШС-мен толық демонтаж жұмыстарын жүргізді. Алайда, санитарлық талап бойынша тұрғын үйлерден 1 км қашықтықта орналасуы тиіс, ал қазіргі уақытта бұл аралық 350-400 м ғана.

2024 жылы 43 жеке кәсіпкермен ассенизаторлық қызмет бойынша келісім-шарт жасалды. Дегенмен, көптеген жүргізушілер тіркелмей жұмыс істеп, лас суды рұқсатсыз жерлерге төгіп отыр. Мысалы, №39 КНС маңында қала тұрғыны өз меншік иесінің жер телімінен өтетін орталық көріз жүйесін қоршап, көріз құдығын орнатып, жеке ассенизаторлық автокөліктерден көріз суларды қабылдағаны анықталды. Бұл жағдай КНС насос қондырғыларының жиі істен шығуына әкеліп, жүйеде ақаулар тудырып отыр. Сондықтан, №39 және қала орталығындағы КНС маңынан арнайы қабылдау

орнын ашу қажет екендігі айтылды. Сонымен қатар, қала тұрғындарының 40%-ы (шамамен 106 652 адам) септиктерді пайдаланады, олардың сарқынды суларын КНС арқылы БТС-да тазарту жүйесімен есепке алу мәселесі де көтерілді.

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы қыркүйек №354 бұйрығымен бекітілген әдістеме бойынша, тұтынушылардың су бұру көлемі нақты есептеліп, тарифтер бекітіледі. «Астана су арнасы» және «Қарағанды су» кәсіпорындарының тәжірибесі негізінде, заңды тұлғаларға ассенизаторлық қызметті де көріз жүйесіне қоса есепке алуды енгізу ұсынылды.

Қазіргі таңда қала тұрғындары ауыз су үшін 1 текше метріне орта есеппен 63,48 теңге, көріз қызметі үшін 71,85 теңге төлейді. Жеке тұлғалар үшін су тарифі – 43,79 теңге, ал көрізге – 46,16 теңге, бұл көрсеткіштер республикалық қалалар арасында ең төменгі деңгейде.

«Қызылорда су жүйесі» МКК 2025-2030 жылдарға арналған жаңа тарифтік жоспарды ұсынды. Осы кезеңге судың орташа құны текше метріне 114,58 теңге, ал көріз қызметіне – 179,72 теңгеге дейін көтерілмек. Бұл өзгерістер коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру мен инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған ірі инвестициялық адым ретінде қарастырылады.

Қызылорда қаласындағы коммуналдық шаруашылықтың дамуы – қаланың тұрақты дамуы мен тұрғындардың өмір сүру сапасын қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі. 2025 жылғы мәслихат отырысы барысында қаралған мәселелер мен ұсыныстар, 2024 жылы атқарылған жұмыстар және алдағы жылдарға жоспарланған жобалар қаладағы қалдықтарды басқару, көріз суларын тазарту және инфрақұрылымды жаңғырту салаларында ауқымды жұмыстар жүргізілетіні айқындалды. Жергілікті билік, кәсіпорындар, жеке кәсіпкерлер мен тұрғындар бірлесіп, заманауи технологиялар мен инвестицияларды тарту арқылы қаланың коммуналдық қызметтерін жақсартуға бағытталған шараларды іске асыруы тиіс. Осылайша, Қызылорда қаласы болашақта экологиялық таза, тұрақты дамитын және тұрғындар үшін ыңғайлы қалаға айналады деп күтілуде.

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



Бүгінгі жастар – елдің болашағы. Олардың тәрбиесі мен білім деңгейі ұлт келешегін анықтайды. Сондықтан мектептерде жас ұрпақтың рухани дамуына, патриоттық сезімін қалыптастыруға, құқықтық сауатын арттыруға, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге ерекше мән беріледі. Тәрбие мен білім беру үдерісінде педагогикалық әдістерді тиімді қолдану жастардың өзін-өзі дамытуына, өз-өзіне деген сенімділігін арттыруына ықпал етеді. Осы орайда 189 орта мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бердимуратов Ерлан Қалбекұлымен сұхбаттасып, бүгінгі жастар тәрбиесі төңірегінде маңызды мәселелерді талқылады.

– Жастардың тәрбиесінде қандай басты тұсқа назар аудару қажет деп ойлайсыз?

– Жастардың тәрбиесі – мемлекеттің ең маңызды мәселелерінің бірі. Бүгінде олардың бойында адамгершілік қасиеттерді, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, отансүйіштік сезімін дамыту қажет. Сонымен қатар жастардың білімге деген қызығушылығын арттырып, оларды қоғамға бейімдеу маңызды.

– Сіздің пікіріңізде жастарға жақсы тәрбие беруге көмектесетін ең маңызды педагогикалық тәсілдер қандай?

– Жеке тұлғаға бағытталған оқыту әдісі – ең тиімді тәсілдердің бірі. Әр оқушының қабілетін ескере отырып, оның шығармашылық, танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту қажет. Сонымен қатар тәрбие бағдары, дебаттар, тренингтер арқылы жастардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру маңызды.

– Мектепте жастарды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу бойынша қандай бағдарламалар жүзеге асырылуда?

– Бізде ұлттық тәрбиеге бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында түрлі жобалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар ұлттық өнер, тарих және салт-дәстүрлерді насихаттайтын үйірмелер мен іс-шаралар ұйымдастырылады.

– Жастардың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру үшін қандай шаралар қабылданып жатыр?

– Оқушылардың өзін-өзі дамытуына бағытталған мотивациялық тренингтер, кешбасшылық қабілеттерін жетілдіретін бағдарламалар, дебаттық клубтар ұйымдастырылады. Сондай-ақ, олимпиадалар мен түрлі байқаулар арқылы олардың өз мүмкіндіктерін көрсетуіне жағдай жасаймыз.

– Қазіргі кезеңдегі жастарға рухани тәрбие берудің маңызы қандай және бұл мәселе мектептерде қалай жүзеге асырылуда?

– Рухани тәрбие – адамгершілік құндылықтардың негізі. Бұл бағытта адами қасиеттерді дамытуға арналған

әңгімелер, әдеби шығармалар талқыланатын іс-шаралар өткізіледі. Сонымен қатар мейірімділік, қамқорлық секілді құндылықтарды насихаттайтын жобалар іске асуда.

– Жастардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және олардың қоғамда белсенді болуын қамтамасыз ету үшін қандай жұмыстар атқарылуда?

– Оқушыларға заңнамалық білім беру мақсатында құқықтық сауаттылық сабақтары өткізіледі. Сонымен қатар мектепте өзін-өзі басқару ұйымдары құрылып, жастар қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуға шақырылады.

– Мектепте жас ұрпақтың патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында қандай іс-шаралар ұйымдастырылады?

– Патриоттық тәрбие аясында мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шаралар, батырларымыздың ерлігін дәріптейтін кездесулер, әскери-патриоттық клубтар ұйымдастырылады. Сонымен қатар тарихи жерлерге экскурсиялар ұйымдастырылып, жастарға ел тарихын тереңірек үйретеміз.

– Жастар арасындағы агрессия, нашарлық немесе басқа да теріс әдеттермен күресу үшін мектеп қандай әдіс-тәсілдер қолдануда?

– Біз бұл мәселеге үлкен мән береміз. Жастардың теріс әдеттерге бой алдырмауы үшін олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға тырысамыз. Спорттық секциялар, шығармашылық үйірмелер, психологиялық тренингтер, ата-аналармен бірлескен кездесулер өткізіледі. Сонымен қатар нашарлықтың алдын алу бойынша дәрістер мен әлеуметтік роликтер көрсетіледі.

Жастардың тәрбиесі – болашақтың кепілі. Оларға дұрыс бағыт-бағдар беру, ұлттық құндылықтарды насихаттау, өмірлік дағдыларын қалыптастыру – қоғамның басты міндеті. Осы орайда, мектептің рөлі ерекше, өйткені дәл осы жерде тұлға қалыптасады.

– Әңгімеңізге рахмет.

“АУЫЛ АМАНАТЫ” – АУЫЛДАҒЫЛАРДЫҢ ТАБЫСЫ

Бүгінде ел экономикасының негізгі қозғаушы күші – шағын және орта бизнес. Әсіресе, ауылдық жерлердегі кәсіпкерлер үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау үлкен мүмкіндікке айналуда. Осы орайда Қызылорда облысында жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарына өз кәсібін ашуға және дамытуға қолайлы жағдай туғызуда. Бағдарламаның игілігін көріп, кәсіпкер атанған азаматтардың бірі – Гүлжан Ахметова мен Гүлжан Кәрімова.

Гүлжан Ахметова «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы тігін шеберханасын ашуды мақсат етіп, 2,5% жеңілдікпен 7 миллион теңге көлемінде несиеге қол жеткізді.



Бұл қаражатқа ол 7 заманауи тігін машинасы мен кестелеп тігуге арналған арнайы аппарат сатып алды. Қазіргі таңда шеберханада бір тігінші жұмыспен қамтылып, алғашқы өнімдерін шығара бастады.

Жаңадан ашылған тігін шеберханасы мектеп оқушыларына арнап 22 қазақы нақыштағы жилет тіксе,

алдағы уақытта балабақшаның 40 бүлдіршініне қазақша камзол мен қалпақ тігу жоспарлануда. Гүлжанның айтуынша, 2024 жылдан бастап толыққанды жұмысқа кірісіп, мемлекеттік мекемелер мен балабақшаларды ұлттық нақыштағы киімдермен қамтамасыз етуді көздейді.

– Тігіншілік өнері маған анамнан дарыған қасиет. Бала көзден бұл іске қызығушылығым зор еді. Ендігі мақсатым – осы кәсіпті кеңейтіп, сапалы өнім ұсыну арқылы халыққа қызмет ету, – дейді кәсіпкер.

Гүлжан тек тігінмен шектеліп қалмай, алдағы уақытта кәсібін кеңейтіп, сұранысты арттыруды жоспарлап отыр. Мемлекеттік бағдарламаның арқасында ол өз арманына нық қадам жасап, кәсібін деңгелетіп келеді.

КОНДИТЕРЛІК КӘСІП – ТАБЫСТЫ ІС

Ауыл кәсіпкерлерінің бірі Гүлжан Кәрімова Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 6% жеңілдікпен 5 миллион теңге несие



алып, кондитерлік цех ашты. Бұл қаражатқа ол нан өнімдерін, бәліштер, торттар және жартылай фабрикаттарды дайындауға қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. Бүгінде ол Талсуат кентінде шағын цех ашып, тұрғындарға сапалы өнім ұсынып отыр.

Гүлжан Кәрімованың негізгі мақсаты – өзінің кәсібін дамыту және аспандыққа деген ерекше қызығушылығы оны кәсіпке алып келді. Қазіргі таңда ол ауылдың той-томалақтарына тапсырыстар қабылдап, Қызылорда қаласына да өз өнімдерін өткізіп отыр.

– «Ауыл аманаты» жобасы мен үшін үлкен мүмкіндік болды. Бұл қаражат менің кәсібімді бастауға септігін тигізді. Қазір тек кондитерлік өнімдермен шектелмей, жартылай фабрикаттарды да жасап, ауыл тұрғындарына қолжетімді бағада ұсынып отырмын. Бұл кәсіптің пайдасы бар, өрі халыққа тиімді, – дейді кәсіпкер.

Қызылорда өңірінде мемлекеттік қолдаудың арқасында ауыл тұрғындарының кәсіпкерлікке деген қызығушылығы артып келеді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы көптеген кәсіпкерлерге өз кәсібін ашуға мүмкіндік беріп, ауыл шаруашылығы, қолөнер және қызмет көрсету салаларында жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруда.

Гүлжан Ахметова мен Гүлжан Кәрімованың табысты тәжірибелері ауылда отырып-ақ кәсіппен айналысуға болатынын дәлелдейді. Ең бастысы – еңбекқорлық, өз ісіне деген сүйіспеншілік және мемлекеттің ұсынған мүмкіндіктерін тиімді пайдалану. Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен шағын бизнесін дамыту осындай жандардың еңбегімен өркендей бермек.

МӘДЕНИЕТ ҮЙЛЕРІ ЖҰМЫСЫ ҚАНДАЙ?

Мәдениет үйлері халықтың мәдени және рухани дамуына ықпал етеді. Өнер мен шығармашылықты дамытуға, ұлттық дәстүрлерді сақтауға және жастар мен ересектердің бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді. Осыған орай, БАҚ өкілдері Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйіне барып, оның жұмысы және ондағы үйірмелердің қызметімен танысты. Бүгінде аталған мәдениет үйінде 18 түрлі үйірме жұмыс істейді. Олардың арасында «Мереке-дүман» халықтық өзін-сықақ отауы, «Сықырлы айна» халықтық балалар қуыршақ театры, «Сырлы саз» халықтық этно-фольклорлық ансамблі, «Мереке» вокалды-аспапты ансамблі, «Арайлы» би ұжымы бар. Бұл үйірмелерге жалпы 198 адам қатысады, оның ішінде 6-17 жас аралығындағы балалар саны 129, жастарға арналған үйірмелерде 28 адам, ал ересектерге арналған топқа 41 адам қамтылған.

Мәдениет үйлерінің негізгі мақсаты өнерді дамыту ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдени деңгейін көтеру, ұлттық құндылықтарды насихаттау және халықтың шығармашылық әлеуетін арттыру. Мәдениет үйінің қабырғасында түрлі концерттер, көрмелер, шығармашылық

байқаулар мен әдеби кештер ұйымдастырылады.

Қала орталығынан бөлек Тасбөгет кентінде орналасқан «Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйі» де белсенді түрде жұмыс істеді. Бұл мәдениет үйінде 8 үйірме бар, оның 6-уы балаларға арналған. Жалпы 135 бала түрлі үйірмелерге қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытып келеді. Аталған мәдениет үйінде «Бастаңғы» аналар ансамблі, «Арман» инклюзивті театр үйірмесі, «Сыр бұлбұлы» хор үйірмесі, «Сарын» қылқобыз үйірмесі жұмыс істейді.

Қазіргі таңда мәдениет үйлері тек өнер мен шығармашылықтың дамуына ғана емес, сондай-ақ қоғамның мәдени деңгейін көтеруге, халықтың рухани азық алуына және ұлттық дәстүрлерді сақтауға ықпал етуде. Әсіресе, жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін ашуға, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыруға үлкен үлес қосып келеді. Қалалық және аудандық мәдениет үйлерінің жанынан ашылған үйірмелер бүгінде халықтың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасап, ұлттық құндылықтарды насихаттауға өз үлесін қосуда. Бұл орталықтардың жұмысы алдағы уақытта одан әрі жанданып, қазақ өнерінің өркендеуіне үлес қоса берері сөзсіз.

КОРЕЙ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «With you E&C Kyzylorda» корей компаниясының директоры Хванг Сонсинпен кездесті. Басқосуда тұрмыстық қатты қалдықты қайта өңдеуге бағытталған бірлескен жобаны жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы аталған жоба өңірдің экологиялық мәселелерін шешудегі маңызды қадам екенін атап өтті.

«Қазақстан мен Корея – жылдар бойы ашық және сенімді қарым-қатынас орнатқан стратегиялық серіктестер. Компанияларымыз адал еңбегімен аймақтың мәдени-рухани, аграрлық және әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қосуда.

Өздеріңізге белгілі, 2024 жылы 12 маусымда Астана қаласында өткен «Қазақстан-Корея» бизнес форумы аясында «Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықты кәдеге жарататын, сұрыптайтын және қайта өңдейтін зауыт салу» жобасын іске асыру жөніндегі меморандумға кол қойылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ірі қалаларда тұрмыстық қатты қалдықты қайта өңдейтін зауыттар салу тапсырмасына сәйкес, облыс аумағында алдағы екі жылда құны 81 млн. АҚШ доллар болатын 9 жобаны жүзеге асыру көзделген. Аталған жобалар іске қосылғанда өңірдің барлық ауданы мен

Қызылорда қаласы өңдеу зауыттарымен толық қамтылады.

Бүгінгі кездесудің басты мақсаты – Қызылорда облысында тұрмыстық қатты қалдықты қайта өңдеуге бағытталған бірлескен жобаны жүзеге асыруды пысықтау. Әкімдік қолданыстағы заңнама аясында жобаны жан-жақты қолдады. Қызылорда қаласы маңынан 4 гектар жер учаскесі табысталды», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

2023 жылы Қазақстандағы Корея Республикасы Бас Консулдығының ресми шақыртуымен аймақ басшысы бастаған делегация Корея Республикасында болып, екіжақты кездесулер мен іс-шаралар ұйымдастырылды. Сеул Ұлттық ғылыми-техникалық университеті президентімен кездесудің нәтижесінде білім және ғылым саласында тиімді байланыстар орнатылды. 2023 жылы қараша айында Қорқыт ата университетінде «Жасанды интеллект мектебі» ашылды. Онда жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика салаларының жоғары білімді кадрлары даярланады.

Аймақта тұрмыстық қатты қалдықты өңдеп, жинап, сұрыптайтын 15 компания жұмыс істеуде. Өткен жылы жиналған 303 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтың 91,2 мың тоннасы, яғни 30,1 пайызы өңделді.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДАҒЫ ЖҰМЫС БАСТЫ НАЗАРДА БОЛУЫ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бюджет қаржысының игерілуі, «Артспорт» бағдарламасы, жол жөндеу, құрылыс жұмыстары және республикалық бағдарламалардың орындалу барысы талқыланған жиын өткізді.

Аймақ басшысы жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырмалар берді.

Нақтырақ айтсақ, әлеуметтік маңызы бар нысандарды сапалы салу әрі кестеге сай мерзімінде бітіру жұмыстарын қатаң бақылауға алу, 5 наурызға дейін барлық әлеуметтік нысанды кемшіліктерді жоюды міндеті жүктелді.

– «Елді мекендердің тазалығы үнемі бақылауда болуы тиіс, соңғы 20 жылда салынған ғимараттар бойынша жауапты мекемелермен кездесіп, жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Тазалыққа және абаттандыруға қатысты жұмыс қарқынын күшейтетін мезгіл жақындады. Қала және аудан орталықтарындағы ғимараттардың сыртын жөндеп, көгалдандыруды белсенді түрде қолға алу, апта сайын сенбіліктер ұйымдастыру керек», – деді Н.Нәлібаев

Сұрағым бар...

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ ЖОҒАЛТПАУҒА БОЛАДЫ?

Бір айдан аса еңбекке жарамсыздық парағын ресімдеген жағдайда МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтар қатарынан шығын калуының мүмкін екенін білесіз бе? МӘМС жүйесінде қызметкерде төлемдері толық болмаған жағдайда не істеу керек? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалында МӘМС жүйесіне жарна төлеушілер арасында жиі кездесетін сұрақтарына жауап берді.

- Мен ресми жұмыс істеймін, бірақ жұмыс беруші мен үшін төлем төлей алмайды, төлемдер кері қайтып келеді. Бұл немен байланысты?

- Қызметкер үшін төленген қаражат жұмыс берушіге келесі жағдайларда кері қайтарылуы мүмкін:

1) Егер қаражатты аудару кезінде қызметкердің құжаттары (жеке куәліктің) ауысқан болса;

2) Егер қаражатты аудару кезінде қызметкердің деректері мен енгізілмеген болса (ЖСН, ТАӨ-дегі қателер);

3) егер қызметкердің жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылатын қандай да бір жеңілдікті санатқа кірсе:

- балалар;
- жалтлық және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға, баланы (балаларды) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыста жүрген адамдар;
- зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде ҰОС ардагерлері;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;
- мүгедектігі бар адамдар;
- орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алғандар.

Яғни, егер сіз жеңілдікті санаттардың біріне кірсеңіз, жұмыс беруші сіз үшін жарналар мен аударымдарды төлемеуі керек.

- Мен жұмыс істеймін, бірақ емханаларға барған кезде МӘМС-те мәртебем жоқ екенін білдім, дегенмен ұйым барлық төлемдерді уақыттың ішінде жасайды. Мен екі ай ауруханада болған кезде жарналар бойынша алшақтық пайда болды. Мұндай жағдайда қалай әрекет ету керек?

- Егер қызметкер бір айдан астам уақыт еңбекке жарамсыз болған кезде, жұмыс беруші әдетте жұмыс күндері болған айда төлемдер жасайды. Еңбекке уақытша жарамсыздықтың келесі кезеңінде қызметкер табыс алмайды, сондықтан салық салынатын базаның болмауына байланысты міндетті төлемдер жүргізілмейді. Осы кезеңде берешек туындауына жол бермеу үшін қызметкер МӘМС жарналарын дербес төлеуші ретінде төлеуі қажет.

- Мен жұмыс істеймін, бірақ ресми жұмыс орналасқан сәттен бері 8 ай ғана өткендіктен, сақтандырылған мәртебем жоқ. Маған қазір бейінді дәрігердің консультациясы әрі ем алуым қажет. Маған не істеу керек?

- Сақтандырылған мәртебесі өткен 12 немесе алдағы 12 ай үшін ай сайынғы төлемдер болған кезде беріледі. Демек, бұл жағдайда сақтандырылған мәртебесін екі жағдайда ала аласыз:

1) өткен 12 айдың ішінде жетіспейтін 4 ай үшін (әрқайсысы үшін 4250 теңгенен) дербес төлеуші ретінде жарналар төлеу қажет;

2) жұмыс берушіден жарналар мен аударымдар түсуін, оның қорытындысы бойынша қатарынан 12 төлем алу үшін 4 айдың өтуін күтіңіз.

Қызметкер қазір медициналық көмекке мұқтаж болғандықтан, мәртебе алу үшін бірінші нұсқаны таңдағаны жөн.

«РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ» АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Сырдария ауданында «Руханият орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Мерекелік іс-шараға құқық қорғау органдарының басшылары, өнер және қоғам қайраткерлері, аудан тұрғындары қатысты.

Рәсім Сыр елінің тарихи тұлғаларына арналған сахналық қойылымнан бастау алды. Аймақ басшысы жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, мәдениет саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы ерқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, руханиятымызға баса мән беруіміз қажет», – деген болатын.

Былтыр өңірімізде жарияланған «Руханият жылында» мәдени-көпшілік шараларға ғана емес, ауқымды жобаларға да жете мән бердік. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», 1000 орындық «Өнер орталығы» іске қосылды, жаңадан симфония оркестрі, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталды. Сыр мәдениетінің негізгі брэнді – жыраулық дәстүр өкілдерінің «Жыраулар үйі» ашылды. «Самұрық қазына» қорымен бірге «Үстел теннисі» орталығын, «ҚазМұнайГаз» компаниясының демеушілігімен заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайын» қолданысқа берді. Бұл бағыттағы жұмыстар был да жалғасын табады.

Бүгін өздеріңізбен бірге Сырдария ауданындағы «Руханият орталығын» ел игілігіне табыстауға жиналды. Енді ақ жаулықты аналарымыз, ардақты ардагерлеріміз бен жігерлі жастарымыз бір жерде бас қосып, ұрпақтар сабақтастығын жалғайды.

Барша жерлестерді жаңа нысанның ашылуымен тағы да құттықтаймын! «Руханият орталығы – бірліктің ордасында» ұлттық құндылықтарымыз ұлықталып, рухани қазынамыз толығымен тәуелсіз еліміздің абыройы ерқашан

Республикасы» деп өзгертілген. Ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауы қайтарылып, республика астанасы Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау туралы қаулы қабылданған. Еліміздің алғашқы Үкімет басшылығы, басқару институттары осы жерде



асқақ болғай! Ел іргесі бекем, қуаныштарыңыз құтты болсын!» – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында облыстық қоғамдық кеңес төрағасы, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Әріп Хожбанов сөз сөйлеп, жылыған жұртшылықты құттықтады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Хүсейін Әмір-Темір батысын берді. Ауданның өркендеуіне үлес қосқан ардагерлер мен құрылысты салған мердігер мекеме қызметкерлері төсбелгімен және Алғыс хатпен марапатталды.

Быыл – Қызылорда тарихындағы маңызды жыл. Осыдан бір ғасыр бұрын мемлекет астанасын Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім шығып, Кеңестердің Бүкілқазақстандық бесінші съезінде «Киргиз Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасы» атауы «Қазақ автономиялы Социалистік Кеңес

қалыптасып, нығайды. Алғашқы өнер, білім мекемелері ашылды, өсем ғимараттар бой көтерді.

Биыл ұлт театрының іргетасы қаланған Қызылордадағы Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының құрылуына 70 жыл толады.

Өткен жылы мәдениет саласының қызметкерлеріне жаңадан салынған тұрғын үйден алғаш рет 40 пәтер табысталды. Мәдениет, өнер және әдебиет өкілдеріне 2023 жылдан бері «Тұран» сыйлығын табыстау дәстүрі айналды. Сыр еліндегі «Руханият жылы» қорытындылар тұста жерлесіміз Мейрбек Сұлтанхан «Алтын домбыра» иегері атанды. Жерлесіміз, жас талант Бексұлтан Орынбасаров та айтыстағы аға буын ізін жалғап, жыл басталысымен «Күміс домбыра» иеленіп, Сыр руханиятының қуанышын еселей түсті.

ЖАҢА МЕКТЕП- "ЖАЙЛЫ МЕКТЕП"

Қызылорда облысында жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы білім беру жүйесіне жаңа серпін беріп, заманауи мектеп инфрақұрылымын қалыптастыруда ерекше рөл атқарып отыр. Мемлекет басшысының бастамасымен іске қосылған жоба аясында елімізде 6900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, қосымша 2700 орындық 5 мектеп пайдалануға берілді. Бұл жаңа мектептер тек сапалы білім беруге емес, оқушылардың жан-жақты дамуына, экологиялық талаптар мен қауіпсіздік стандарттарына сәйкес заманауи оқу ортасын қалыптастыруға бағытталған.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында салынған әрбір мектептің құрылысында экология мен оқушылардың қауіпсіздігі басты назарда ұсталды. Заманауи технологиялар, бейнебақылау жүйелері мен турнирлердің көмегімен мектеп инфрақұрылымы қауіпсіз және ыңғайлы жағдай туғызуда. Қызылорда қаласының сол бөлігінде ашылған алғашқы мектеп 900 орындыққа арналғанымен, қазіргі уақытта оның кабинеттерінде 1000-нан астам оқушы білім алып, белсенді оқу процесіне қатысады.

20 ақпан БАҚ өкілдеріне арнайы ұйымдастырылған баспасөз-тур барысында мектептің барлық инфрақұрылымдық мүмкіндіктері жан-жақты таныстырылды. Журналистер мектептің заманауи корпусын, оқушыларға арналған арнайы кабинеттер мен шеберханаларды, сондай-ақ инновациялық едіс-тәсілдері мен экологиялық талаптарға сай жобаланған дизайнын бағалады. Мектептің әр бөлмесінде қолданылатын заманауи технологиялар білім сапасын арттыруда зор үлес қосып отыр.

Мектепте физика, химия, биология және робототехника кабинеттері арнайы заманауи құралдармен жабдықталып, оқушылардың ғылыми ізденісіне және практикалық дағдыларын жетілдіруге жағдай жасайды. Сонымен қатар, тігін, дизайн және технология кабинеттері оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, заманауи білім беру үрдісіне жаңа серпін беруде. Ерекше назар аударатын тамақтану және мәдениет кабинеті оқушыларға дұрыс тамақтануды үйренуге, денсаулықтарын сақтау негіздерін меңгеруге мүмкіндік береді.

№290 орта мектебінің директоры Мөлдір Смаханова былай деді:

- «Мектептегі тамақтану және мәдениет кабинеті оқушыларымыздың дұрыс тамақтануын, денсаулықтарын нығайтуға және мәдени тәрбие алуға септігін тигізуде. Біз заманауи құрал-жабдықтармен толық жабдықталған оқу ортасын қамтамасыз еттік, сондықтан білім беру сапасының жоғары деңгейде екеніне сенімдіміз. »

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы Қазақстандағы білім беру жүйесінің жаңаруына зор үлес қосуда. Жобаның жүзеге асуы арқылы оқушылар қауіпсіз және заманауи оқу ортасында білім алып, өздерінің жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызуда. Жергілікті билік пен білім саласындағы мамандар бірлесіп, заманауи инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған инвестицияларды тарту арқылы болашақ ұрпаққа сапалы білім беру мақсатын жүзеге асыруда.

Бұл жоба тек инфрақұрылымды жаңғырту ғана емес, сонымен қатар жастардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, жаңа білім мен дағдыларға үйрететін заманауи әдістерді енгізуге де мүмкіндік береді. «Жайлы мектеп» – бұл Қазақстанның болашағына инвестиция, ол жаңа ұрпақтың сапалы білім алып, елдің дамуына үлесін қосуына жол ашады.

Осылайша, Қызылорда облысындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы білім беру саласына жаңа леп алып келіп, оқушылар мен ата-аналардың сенімін арттырып, еліміздің болашағына жарқын үміт сыйлап отыр.

Қ.КҮЛМИШОВА

«БЖЗҚ» АҚ ӨЗ САЛЫМШЫЛАРЫ ҮШІН ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА ТАҒЫ БІР ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ЕНГІЗДІ

«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) өз салымшылары үшін жаңа цифрлық қызметтерді ұсынуын жалғастыруда. Жыл басынан бері әрбір салымшы мен алушының жинақтау тарихындағы негізгі оқиғалар туралы ақпарат беретін Push-хабарламалардың жаңа цифрлық қызметі сәтті іске асырылды. Қазіргі уақытта бұрын іске асырылған зейнетақы жарнасының түскендігі туралы хабарламаларды жіберумен қатар мынадай маңызды оқиғалар бойынша хабарламалар жолдана бастады:

- жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қосылуы, яғни жеке зейнетақы шотының ашылғандығы;
- 18 жасқа толуы;
- зейнет жасына толуы, сәйкесінше, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығының туындауы;
- ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы төлемін алу құқығының туындауы;
- міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемін алу құқығының туындауы;
- зейнетақы жинақтарының жеке жоспарын іске асыру мониторингі;
- туған күнмен құттықтау

Push-хабарламалар - Қор салымшыларына БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы және enpf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы жіберілетін қысқаша мәлімдеме.

Ұсынылған сервистерді БЖЗҚ мамандары салымшылардың қалауы мен ең көп сұранысқа ие зейнетақы қызметтерін зерделеу негізінде әзірледі. Қордың меншікті сараптау жүйесі (ACRM) арқылы ауқымды көлемдегі деректерді талдау және өңдеу, алушыларды іріктеу, Push хабарламаларды қалыптастырып, жіберу жүзеге асырылады.

Жыл басынан бері Қордың шамамен 223 мыңға жуық салымшысы маңызды оқиғалар туралы хабарлама алды.

Хабарламаларды алу үшін салымшылар БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы немесе enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте «Push-хабарламалар» бөлімі арқылы жіберілімге жазылулары қажет.

«БЖЗҚ» АҚ өз қызметі барысында салымшыларына қызмет көрсету сапасын жақсартуға әрдайым ұмтылады және цифрлық форматта ұсынылатын сервистер желісін кеңейтіп отырады. Қазіргі уақытта Қор зейнетақы қызметтерінің 90%-дан астамын онлайн-форматта ұсынады. Салымшылардың сайттағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетте өз шотынан кез келген кезең үшін үзінді көшірме алып, жеке деректемелерін өзгерту, болашақ зейнетақыларының болжамды мөлшерін есептеп, жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударып, Ұлттық Банктің басқаруына қайтару туралы өтініш беруге және тағы басқа да мүмкіндіктері бар.

ЖОҚ БОЛҒАН ҚАЛАЛАР



Припять, Украина. 1986 жылғы 26 сәуірдегі Чернобыль АЭС-да болған апаттан кейін 80-нен астам елді мекеннің тұрғындары қоныс аударды. Арасында Припять қаласы да бар. Бүгінде бұл қала экстремальды туризм қаласы



Сан-Чи, Тайвань. Сан-Чи курорттық қаласының құрылысы ғарыштық стильде 1970-ші жылы салына бастаған. Технологиясы өте күрделі болып құрылыс тоқтайды. 1989-шы жылы құрылысы қайта басталады. Алайда жұмысшы өлімі көбейеді. Құрылысқа ақша салғысы келетін инвесторлар да табылмайды. Сөйтіп құрылысы аяқталмаған қалаға бүгінде туристер, түсірілім топтары кеп барады.



Стромнесс, Антарктикада. Өткен ғасырда китаулаушы станса туристер мен ғалымдар арасында өте танымал болды. Алайда көп ұзамай бос қалды. Бүгінде оны ашық аспан астындағы мұражай ету туралы ұсыныстар айтылууда



Десепшен аралы, Антарктида. XX-шы ғасырдың басында аралда көптеген полярлық стансалар қызмет еткен. Вулкандар қайта-қайта атқылай бергеннен соң, ондағы кит аулайтындар менен поляршылар қаланы тастап кеткен



Чайтен, Чили. 2008-ші жылы вулкан атқылау басталды. Елді мекен тұрғындары түгелге дерлік қоныс аударды. Қазір онда 1000-ға жуық адам тұрады. Чайтенді жаңа жерге көшіру туралы жоспар жасалуда



Хасима аралы, Жапония. XIX ғасырда онда көмір табылғаннан кейін аралға адамдар қоныстана бастады. Алайда 1974-ші жылы шахталар жабылды, қала құлдырады. Бірте-бірте адамдар кете бастады. Қалаға кіруге тыйым салынды. Тыйымды бұзған жағдайда Жапониядан шығарып жіберетін жаза да болды. Қазір туристерге жол ашық. Тек елес аралдың қауіпсіз бөлігіне ғана.



Крако, Италия. Қайта-қайта сел баса бергеннен соң қала тұрғындары басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болған. Қазір онда бар болғаны 700-дей адам тұрады. Көбіне туристер, түсірілім топтары келеді



Каир, Иллинойс. АҚШ. Каир — портты қала. Темір жолдың қарқын алуына байланысты қалада жұмыс болмады. Тұрғындар жұмыс іздеп, жан-жаққа кетеді. Бүгінде онда бар болғаны 3,5 мың адам тұрады. Билік Каирды «Тарихи даунтаун» деген атпен мұражай деп жариялап отыр.

Вилла Эпекуэн, Аргентина. 1920-шы жылы тұзды Лаго Эпекуэн аралының жағалауына орналасқан елді мекен. Көлдің емдік қасиеті бар. Туристер көп келетін болған. Алайда 1985-ші жылы толассыз жауған нөсер жауыннан көл ернеуінен асып кетіп, қаланың көп бөлігін су басқан. Тек 2009-шы жылы ғана су кері қайта бастаған

